

Тақырыбы. Ықтималдықтар теориясы пәнінің мазмұны, тәжірибе, тәжірибені жүзеге асыру және оның нәтижесі ұғымдары

Ықтималдықтар теориясы кездейсоқ құбылыстардың, яғни, нақты тәжірибеде барлық мүмкін белгілі нәтижелерінің қайсысы орындалатыны алдынала белгісіз, жиіліктің статистикалық тұрақтылық заңдылығын сақтай отырып, бірдей шарттарда қажетінше қайталауға болатын құбылыстарының математикалық анализі.

Ықтималдықтар теориясының алғашқы ұғымдарын беруде келесі үш – тәжірибе, тәжірибені жүзеге асыру және оның нәтижесі ұғымдарын меңгеру және оларды бір-бірінен ажырата білу маңызды.

Ықтималдықтар теориясында тәжірибе нәтижелерін грек әліпбиінің кішкентай ω әрібі арқылы белгілеу қалыптасқан (бұл жерде де кез келген белгілеуді қолдансақ болады, айталық, n , f , $\otimes$ сияқтылар да бола береді, бірақ бұл оқулықта жалпыға ортақ белгілеулерді ұстанамыз).

Үш ұғымды игеру үшін

Кесте 1.1

Тәжірибе	
Тәжірибені жүзеге асыру	
Тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері	

кестесін толтыруды меңгеру қажет.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Кездейсоқ құбылыстың сипаттамасын беріңіз?
2. Барлық мүмкін нәтижелер жиыны ақырлы, саналымды, континуум қуатты болатын тәжірибелер мысалын келтіріңіз.
3. Тәжірибенің мүмкін мәндер жиыны ретінде бос жиынды алуға болады ма?